

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Дүниеде «Манас» пен «Қорқытқа» жететін жыр жоқ

Әзербайжан әдебиетінің ардағы Анармен әңгімеде айтылған тоқсан ауыз
сөздің тобықтай түйіні осы



Біздің білетініміз: Ол әдебиетті әспеттеген отбасында туып-өсті. Әкесі Расул Рза да, шешесі Нигяр Рафибейли де аузымен құс тістеген ақындар-тұғын. Өнерге бейім өрен музыка мектебінде оқығанымен аңсары қалам-қағазға ауа беретін. Тағдыршешті таңдауы ақыры Әзербайжан мемлекеттік университетіндегі филология факультетінің табалдырығынан аттатты. Кейін Мәскеудегі жоғары сценарлық және режиссерлік курстарда білімін жетілдірді. Мәдениет мәселелеріне арналған «Гобустан» альманағына редакторлық етті. Бірнеше кино сценариінің авторы атанды. Тіпті, режиссер ретінде екі-үш фильмді түсіріп тастады. Бірақ бір басына жетерлік атақ-даңқты әкелген қаламгерлік қарым-қабілеті екені әмбеге аян. Оның еларалық деңгейде танымал есім-сойы кешегі кеңестік заманда дүйім көпшілікті дүр сілкіндірген Шыңғыс Айтматов, Нодар Думбадзе, Әбіш Кекілбаев, Грант Матевосян, Фазыл Искандер, Юрий Рытхэу, Владимир Санги, Қайсын Құлиев секілді алыптармен бірге аталады. Отыз жылдан астам уақыттан бері Әзербайжан Жазушылар одағының төрағасы. Елеулі еңбегі үшін көптеген мәртебелі марапат алған. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Милләттің мақтан тұтар марғасқасы болғандықтан ел Парламентінің алғашқы отырысын ашу құрметіне бөленген. Ең бастысы, шұрайлы шығармалары ояу жүректі оқырман олжасына айналғаны қашан. Біраз дүниелері белгілі прозаик Берік Шахановтың тәржімалауымен қазақ тілінде де жарық көрген.

Анар ағаның айтқаны: – Бәрі алған тәрбиеңе байланысты болса керек. Өлеңді өмірлерінің өзегіне айналдырған ата-анамның маған үйреткен үлгі-өнегесін айтып тауыса алмаймын. Екеуі де ерекше жаратылған жандар еді. Олар туралы мен «Сіздерсіз» атты роман-эссе жаздым. Сөйтіп перзенттік парызымды өтеуге тырыстым: көрген-білгендерім мен көңіліме түйгендерімді жарияға жеткіздім.

Шынтуайтында әкем менің филфакта оқығанымды онша қаламады. Басқа басалқалы мамандықтардың бірін меңгеру қажеттігін санама сіңіріп бақты. Мәселен, дейтін ол үйшілік сырласу үстінде, – басқа саладан келіп жазушы, журналист болғандар көп, ал гуманитарлық дипломмен инженер немесе дәрігер атанғандар жоқ дейтін үгіт-насихатын үстемелей түсіп. Бірде Мәскеуде іссапарда жүргенде жазған хатын «Мен саған дәл ғылыммен айналысу жөнінде кеңес берер едім. Әгәрәки, Горький атындағы әдебиет институтына немесе МГУ-дің филология, я болмаса журналистика бөліміне құжат тапсыруға ыңғай танытсаң, қарсылық білдірмеймін. Талғамыңды таразылап дұрыс таңдау жасайтындығыңа сенемін» деп аяқтапты.

Әкенің айтқанын тыңдап, айдауына жүретін бала қайда? Албырт шақтың асқақ романтикасы алды-артына қаратпай ала жөнелді. Көңіл шіркін көктегіні көксейді. Қиядағы қыранның жерден жем жейтінін есеп қылмайды. Бұл жақсы ма, жаман ба? Оны ойлап жатпайсың. Тіршілікті тереңірек түсіну үшін нақтылықты сүйетін кәсіптердің бірінің құлағынан ұстағаным дұрысырақ па еді, кім білсін?!

Бірақ әйтеуір ата-анамды ұятқа қалдырмағанымға іштей шүкіршілік етемін. Ең қызығы, менің балаларым да әдебиеттің ауылынан алыс кетпеді. Египеттегі елші ұлым сатира сарбазы болғысы келетін сияқты. Туындылары өткірлігімен һәм өзектілігімен ерекшеленеді. Қызым да әулеттік дәстүрімізді жалғастырып жүр. Кітаптары бірнеше тілде жарық көрді. Бакудегі кітап орталығын басқарады.

Көзімді ашып көргенім – кітаптар. Ес білгеннен естігенім – әдебиет төңірегіндегі әңгімелер. Үйімізден мәртебелі меймандардың аяғы үзілмейтін. Кімдер келіп, кімдер кетпеді десенізші. Кеңестік классиктердің төрімізде отырып, дастарқанымыздан дәм татпағандары кемде-кем. Солардың сөздері әдебиет ауылына ат арқандауды армандай бастаған балаң қиялдарымды аялай тербеткені анық. Ұлағатты жандарға ұқсап бақтым. Еліктеу-солықтау соны жазу-сызуға деген мәңгілік махаббатқа ұласты білем.

Біздің білетініміз: Ақылдан ақша озған қоғамда әдебиеттің айы оңынан туа қоймайтыны анық. Бүгінде бәріміз жарыса жамандап жүрген социалистік реализм тұсында жазушыларымыз идеологиялық қыспаққа түскенімен, қаржылық жағынан таршылық көрмегені жасырын емес. Талап біреу-ақ – өкіметтің саясатына сай келетін тақырыптардың аясынан шықпасаң болғаны. Қара теңіздің жағасындағы қаптаған демалыс

орындарының ішінен қалағаныңа бар да, шабытыңды шақырып бұрқырата бер. Наз жүрмейтін нарығыңыз онсыз да оңып тұрмаған руханиятты жоспарлы шығынға батырды. Осындай кеңінен көсілуді көтермейтін қиын-қыстау кезеңде Әзербайжан Жазушылар одағының тізгінін ұзақ уақыт ұстап отыру оңай емес, әрине. Өйткені анау жоқ, мынау жетпейді. Мұң-налаға толы мұндай тығырықтан жол табуда бірінші басшының халық пен билік алдындағы абырой беделі аз рөл ойнамайтыны айтпаса да түсінікті.

Анар аға айтады: – Одақ басшысының орынтағына жайғасқаным отыз екі жылдан асыпты. Бұған бір жағынан мақтанамын. Себебі мені ЦК-ның пәрменімен жоғарыдан «түсірген» жоқ. Жазушылардың өздері сайлаған бірінші төрағамын. Ал енді тым ұзақтау отырғаным үлгі етерлік үрдіс емес екенін ішім сезеді. Жағдай солай болып тұрса қайтейін...

Білесіз бе, біздің өзімізге тән қиындықтарымыз бар. Баяғыда цензура аяқ-қолымызды байлап тастап, ойдағымызды жаза алмадық қой. Енді, міне, еркіндік тиіп еді, материалдық кедергілерге маталдық. Бұрын кітаптарымыз жүз мың тиражбен басылса, қазір екі мың дананы қанағат тұтамыз. Әдеби журналдарымыздың да таралымы мүлдем азайып кетті. Егер топырағы торқа болғыр Президентіміз Гейдар Әлиев Жазушылар одағын бюджетке кіргізбегенде, баспасөз құралдарына субсидия бөлдірмегенде шығармашылық ұйым шаңырағы шайқалып кететін еді. Елімізде кәсіби 1800-дей жазушы тіркелген. Солардың әрқайсысы өзін Низами, Физулиден кем санамайды. Сөйтпесе сөлді сөз тудыра ма!

Өкінішке қарай, жалпақ жұрт жазушылардан көрі эстрада жұлдыздарын көбірек білетін «ауруға» ұшырады. Оқырмандарымыз бұрын қолтаңба алуға құштар болса, бүгінде суретке түсуге сүйрелейді. Сен қалайсың ба, жоқ па, шаруасы шамалы. Әр заманның өз ерекшелігі болады да. Көреміз, көнеміз...

Әдебиетке шынайы берілгендер ештеңеге қарамай жазып жатыр. Ал ақша мен атақ қуушылар тұйыққа тіреліп тұр. Бүгінде әдебиет сені асырай алмайды. Әдебиетке құлақкесті құл болу үшін шектен шыққан жанкештілік қажет.

«Поэт в России больше чем поэт». Орыс поэзиясының ортаңқолдай өкілі Евгений Евтушенконың бұл қанатты сөзінің астарында адам айтқысыз ауыр жүк жатыр. Неге екенін қайдам, басына қара бұлт үйірілгенде қарайған халық жәутендеп жазушылар жаққа қарайды. Біздегі Қарабақ оқиғасына байланысты қаламгерлер қауымы бұғып қалмады. Аттандап алдыңғы шепке шықты. Бірнешеуіміз қол қойып Горбачевқа телеграмма жөнелттік. Жазушылар одағы ел аумағының тұтастығын сақтау жөніндегі орталыққа айналды. Кейін саяси партиялар пайда болған соң сабамызға түсіп, негізгі жұмысымызбен айналысуға көштік. Кезінде Жазушылардың шығармашылық үйін соғыс сойқандарынан зардап шеккен қарабақтық босқындарға берген едік. Президент соны жөндетіп өзімізге қайтару жөнінде пәрмен берді. Әріптестеріміздің әлеуметтік қамқорлықтардан да тысқары қалмағанын атап өтуге тиіспін. Әдебиетке адал қызмет қылушы аға буын мен кейінгі толқын өкілдеріне жыл сайын арнайы грант бөлінеді. Осылайша ел қатарлы ептеп күн көріс жасап жатқан жайымыз бар.

Біздің білетініміз: Қазақстан мен Әзербайжанның тарихи тамырластығы әріден басталатыны белгілі. Қазір де екі елдің ынтымақтастығы интеграция талаптарына сай тереңдей түскен. Осы орайда мәдени-рухани араластықтың алар орны айрықша. Бұған біздің кейіпкеріміз де қомақты үлес қосуда. Қазақ бауырларына оң қабақпен қарайды. Былтыр Бакуге іссапармен барған ақын Ерлан Жүніс оның қызмет үстелінің үстінде Абайдың шағын мүсіні тұрғанын желпіне жеткізгенде жүрегіміздің жылып сала бергенін қайтіп жасырамыз. Елден естуімізше, Анар ағамыз қазақтың кіндік қаласында жүргенінде хал-ахуалын сұрап жерлестерінің бірі телефон соғыпты: «Халім қайдан жаман болсын. Жегенім – қазы-қарта, ішкенім – қымыз. Бакуге барған соң сірә, жылқы болып кісінейтін шығармын», – депті қазақтардың қонақжайлылығына сүйсінісін әзілмен әдіштеп.

Анар аға айтады: – Асқар тау асып, телегей теңіз кешіп Қазақстанға осымен үшінші рет келдім. Алматыда, бірде Астанада ат шалдырғаным есте. Әрине ондағы әсерлерім

айрықша. Ал бүгінгі Нұр-Сұлтанның келбеті тіпті керемет. Көз тоймас көркемдігі еріксіз таңдай қақтырады. Сәулеттік сән-салтанаты асқақтаған самаладай шаһар салған қазақтарға қайран қаламын.

Мен сіздердің мемлекеттеріңізге мейлінше меймандостықпен мейірлене қараймын. Түгіндеріңіздің түзу ұшуына тілектеспін. Өйткені біздің түп-тұқиянымыз ортақ, дініміз бір, тіліміз ұқсас Әзербайжанда Абайды, Әуезовті ардақтайды, Олжас Сүлейменов, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Мұхтар Шахановты бағалайды. Айтпақшы, осы жолы өзіммен бірге Ұлықбек Есдәулеттің жуырда ғана әзербайжан тілінде шыққан өлеңдер жинағын әкелдім.

Әртүрлі әдеби жиындарда қазақстандық қаламдастарыммен әрдайым шұрқырай табысамын. Заманымыздың заңғар перзенті Олжас Сүлейменовпен сыйлас доспын. Ол еліміздің басына бұлт үйірілген қиын күндерде бізбен бірге болды. Тарихымызда өшпестей таңбаланған 90-жылдың қаралы қаңтарында шақыртуымызды қабыл алып, Бакуге бірден ұшып келгенін қалай ұмытайық. Қатты суық тиіп, дене қызуының көтеріліп тұрғанына қарамапты. Сабазың айналадағы атыс-шабыстан саспады. Қанды қақтығыстың қаңғыған оқтары жайғасқан мейманханасының қабырғасынан қайтып, өміріне қауіп төндірсе де сыр бермеді. Қазақтарымының қадір-қасиетін сонда жан-тәніммен сезінген едім.

Біраз хикаяттарымды қазақшаға аударған Берік Шахановпен тонның ішкі бауындай аралас-құраласпын. Алматыдағы оның, Бакудегі менің шаңырағымда шалқып-тасып, екеуара етене сырласқан сәулелі сәттер ойыма жиі оралады. Әлгінде сіз менен «Шеңбер» атты хикаятымдағы «Разделся лег. Погладил рукой висящую над кроватью карту, угадывая в темноте казахские названия: Каратау, Аксуат, Аягуз...» деген жолдарды ауызға алдыңыз. Ол жерлерде ешқашан болған емеспін. Сталиндік депортация кезінде сол жаққа жер аударылған таныстарымның айтуынан білемін. Аталған ауылдар мен тауды көргім келеді. Бірақ сәті бір түспей-ақ қойды. Ғұмырым болса көрерміз...

Біздің білетініміз: Түбі бір туыстардың басын біріктіре алмай Тұранның ту ұстаған талай тұлғалары өкінумен өмірден өтті. Баяғы бағы ұшқан бастарына бодандық ноктасын киген бауырлас елдер арасындағы байланыс үзіліп, бір-бірінен алыстағадай күй кешті.

Дүние-ай, десеңші. Ұлы түркінің ұпайы түгенделер ақжарылқап күн туар ма екен алдымыздан. Күпті көңілді жүз күдік жайласа да, жасындай жарқ еткен жалғыз үміт жарқын болашаққа жетелейді.

Аңсаған азаттық таңы атқан соң озбыр отаршылдық ойран салған санамызға сәуле түсіп, арғы бастауларымызды іздеуге аңсарымыз ауды. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде тарыдай шашыраған түркі тілдес ұлттардың өзара барыс-келісі өрістеп, жатбауыр бола жаздаған жақындар қайта қауышты. Туыстық туын биіктетуге аянбай атсалысқан қайраткерлер қатарында Анар Расулоглы Рзаевтың да жүргені әмбеге аян.

Анар аға айтады: – Сыпайылық сақтап, сызылмай-ақ қояйын. ТҮРКСОЙ-дың құрылуына бастамашы болғандардың бірімін. Орайын тауып, түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сын ашу қажеттілігін Тұрғыт Озалға да, Сүлеймен Демирелге де айттым. Ақыры Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының қолдауымен осынау беделді халықаралық ұйым кереге керді. Оның алғашқы бас хатшысы біздің дарынды композиторымыз Полат Бұлбұлоғлы болғаны мәлім. Түркі кеңесі, Түркі академиясы аясында ауқымды істер атқарылуда. Мұның бәрі біздің бір-бірімізбен жақындай түсуімізге септігін тигізбек. Кейде ғалымдарымыз ортақ түркі тілін енгізген абзал деген сыңайда емеурін білдіріп қояды. Меніңше, бұл – ешқашан жүзеге аспайтын шаруа. Өйткені қазақты иулдуз, әзербайжанды жұлдыз деуге көндіре алмайсың.

Қазақстанның латын әліпбиіне көшу бағытындағы қадамын құптаймын. Тек бұған бұрынырақ көшкен ағайындарының қателіктерін қайталамаса болғаны.

1926 жылы Бакуде түркологтардың бірнеше съезі өткенін білесіздер. Сонда сөйлеген Ахмет Байтұрсынов латынға көшпей-ақ араб әліпбиіне бейімделуді ұсыныпты.

Дұрысы сол еді. Қаншама қазыналарымыз араб алфавитімен жазылған. Өттең, қызыл өкімет жалын кесіп тастады. Болары болып, бояуы сіңген соң өкінгеннен не пайда?!

Біздің білетініміз: Анар ақсақалдың өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасасақ, қайраткерлік қырларына тоқталсақ, ақпарат құралдарындағы интервьюлерін оқысақ, ондағы көтерілген мәйекті мәселелердің байыбына барсақ, кейіпкеріміздің әуелден-ақ түрікшілдік бағытты ұстанғанын байқаймыз. Осыған байланысты Берік Шаханов ағамыздың аузынан естіген мына бір әңгіме есіме түсіп отыр. Алматыдағы алқалы әдеби форумға қатысушылардың біразы жағалары жайлауда бейресми жағдайда әңгіме соғып отырмай ма. Сонда соқталы сөз сүлейлерінің біреуі эзіл-шынын араластыра Шыңғыс Айтматовтың түрі түріктерге ұқсайтынын айтып қалыпты. Кеу-кеулескен көңілді топ езулеріндегі күлкілерін енді жия бергенде, Анекең жұлып алғандай: «Өй, сендер өзі қызық екенсіңдер. Осындағы бәріміз түрік емеспіз бе?! Тек Шыңғыс – қырғыз түрік, сен – қазақ түріксің, мен – әзербайжан түрікпін...», депті айналасындағыларға астарлы ойын аңғартып. Мазмұны социалистік мәдениеттің малтасын езген өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында мұндай «қылжақты» советтің солақай саясаты көтере алмайтын. Түрікшілдіктің аяғы қайда апарып соғатынын түсінгендіктен бұлайша батылдау сөйлеуге екінің бірінің жүрегі дауалай бермейтін. Соған қарағанда, бұл кісінің өнбойында тектілерге тән өр рух атойлап тұрған тәрізді.

Анар аға айтады: – Ұлттық дәстүрлерімізді ұлықтауға келгенде алдына жан салмайтын әкемнің үзеңгі достарының бірі оғаш ойларымен билікке жақпай, елінен Мәскеуге ауған түріктің аса көрнекті ақыны Назым Хикмет болатын. Қоғамдық құбылыстарды келемеждегенде тілінен у таматын әйгілі Әзиз Несинмен де дидактасып, лебізін тыңдадым. Мүйізі қарағайдай бұл мықтыларың оңаша отырыстарда қаңсыған түркілік тамырымызға қан жүгірту қажеттігін қамыға айтатын. Осындай мәслихаттар ой-өрісіміздің кеңеюіне әсер етпейді деймісіз.

Оның үстіне аяулы анамның төркін жағы да жақсы-жайсандардан кенде емес-тұғын. Нағашы атам – Денсаулық сақтау министрі болған кісі. Большевиктер атып тастады. Ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырады. Кейбіреулері эмиграцияға кетіп тынды. Түркиядан пана тапты. Арнайы шақыртумен өзім де Ыстанбұл университеттерінде әзербайжан тілінен дәріс оқыдым. Сөйтіп түркілік негізімізге жақындай түссек керек.

Біздің білетініміз: Қазақ пен әзербайжанды байланыстыратын алтын арқау тым әріден желі тартады. Сонау XII ғасырда әзербайжанның ұлы ақыны Низами Гян қыпшақ аруы Аппаққа арнап «Сенсіз» дейтін мұнды өлең жазған. Қазіргі Әзербайжанның аумағында Қазақ атты аудан бар. Қайдан білейік, аталған өңір тұрғындарының түр-түсі бізге ұқсайтын көрінеді. Онымен қоймай өздері етке құмар және өлең-жыр құрауға бейім дегенді құлағымыз шалады. Анық-қанығын ғалымдарымыз ажырата жатар.

Мұқым түркінің ортақ мұрасы саналатын «Қорқыт Ата кітабы» жайында да зерделі зерттеулер жетерлік. Қармақшыдағы Қорқыт бейіті, қобызға сарын қосқан жауһар жырлар, қылағы «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін мәтелге айналған мәнді тіркес көненің көп шежіресінен сыр шерткендей.

Анар ағаның айтқаны: – Қазақстанның Қызылорда облысында ғана емес, тағы бірнеше елде зираты барынан хабардармын. Әзербайжанда мазары болмағанымен, теңдессіз эпостың ішінде біздің елдегі жер-су атаулары көбірек айтылатыны талассыз ақиқат. Ең бастысы кітаптың тілі әзербайжаншаға жақындау. Оғыз тілі – түрік, әзербайжан, түрікмен, гагауз тілдерінің атасы.

Мен «Қорқыт» кітабымен бота тірсек бозбала шағымда таныстым. Әр оқыған сайын сан түрлі жаңалық ашамын. Ондағы оқиғалар көз алдымда кино көрініс болып көлбеңдейтін. Содан отыра қалып сценарий жазайын. Бірақ проза жаныма жақындау болғандықтан ойым повеске айналып кетті. Мен жырдағы он екі сюжеттің басын қосып өзімше өрнектедім. Қал-қадерімше көненің көзіндей рухани қазынаның көркемдігін жоғалтпауға тырыстым. Фольклорға ойдан қосқан образдарым да жоқ емес.

Түркі әлемі көптеген ұлы ақынды дүниеге әкелді. Алайда түркі тектестер арасынан Шекспирмен шендесетін драматургтер, Сервантес, Достоевский, Толстой және Бальзакпен иық тірестіруге жарайтын романистер шықпағанын мойындауға тиіспіз. Есесіне олардың жырлары өзінің поэтикалық қуаты, көлемі жағынан «Қорқыт» пен «Манасқа» жетпейді.

«Қорқыт Ата кітабы» – әйдік әлем. Халық өмірінің тұтас энциклопедиясы. Бұл – Отанды сүюге үндейтін ода. Ғылыми пайымдаулар бойынша ол Гомердің «Одиссейінен» бұрын туған. Қорқыт – кітаптың аты айтып тұрғандай, осынау орасан зор еңбектің авторы. Мен Қорқыт туралы «Сөнген оттың жарығы» атты екі сериялы фильмнің сценарийін жазу құрметіне ие болдым.

«Қорқыт» – біздің ортақ мәдениетіміздің мәйегі. Түркі тілдес мемлекеттер кинематографистері бірігіп сүбелі сериал түсірсе деген арманым бар. Бұйырса, ондай мақсатқа да жетер күн болар, бәлкім...

Әңгімелескен
Талғат БАТЫРХАН